

ЕМБІДЕ ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕЛЕР  
БАСШЫЛАРЫ АУЫСТЫ



3

ЭКОЛОГИЯНЫ САҚТАУ -  
БАСТЫ НАЗАРДА



6

ДАРИТЕ ЛЮДЯМ СОЛНЦЕ



7



# Ембі ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

№7 (71)  
МАУСЫМ  
2021 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



## «Менің бақытты балалық шағым»

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР БАЛАЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Соңғы жылдары 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да ембілік мұнайшылар балаларының арасында дәстүрлі түрде «Менің бақытты балалық шағым» шығармашылық байқауы ұйымдастырылып келеді. Биыл балдырғандар мерекесіне арналған шығармашылық сайысқа жұмыстар 26 сәуір – 24 мамыр күндері аралығында қабылданған

болатын. Жалпы саны 51 бала қатысып, 57 жұмыс түсті.

Компания басшылығы мен қызметкерлерінен құралған комиссия алқасы барлық шығармашылық жұмыстарды саралап, қорытындылады.

(Басы. Жалғасы 4-5 беттерде)





## Қазақстан Президенті «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.Сәтқалиевті қабылдады

Мемлекет басшысына «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қазіргі жұмысы мен негізгі қаржылық көрсеткіштері, кәсіпорындағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал, сондай-ақ, Қор қызметкерлеріне екпе егу барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа инфрақұрылым, мұнай-газ және энергетика бағытындағы маңызды жобалардың жүзеге асырылу барысы жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар, Алмаадам Сәтқалиев Президентке газ тасымалдау инфрақұрылымын

жаңғырту, Қашаған кен орнындағы газды қайта өңдеу зауытының құрылысы, «Астрахан-Маңғышлақ» магистральды су тартқышы мен «Достық-Мойынты» теміржол көлік дәлізін қайта жаңғырту жоспарын айтты. Кездесу қорытындысы

бойынша Мемлекет басшысы инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қазақстандық өнімнің үлесін арттыруға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

[www.sk.kz](http://www.sk.kz)

### ҮНДЕУ

## Қадірлі әріптестер!

Өткен жылдан бері күллі адамзат, соның ішінде біздің еліміз де дүниежүзін жайлаған коронавирус індетімен күресіп келеді. COVID-19 және карантин шаралары әлемдік экономиканы дүр сілкіндіріп, барлық мемлекеттерді қыспаққа алды. Қазақстан бұл қатерге тегеуірінді тойтарыс бере білді. Ел басшылығы азаматтардың денсаулығын сақтау және ұлттық экономиканы қолдау үшін шұғыл әрі батыл іс-әрекет жасап жатыр.

Дегенмен әлі де босануға болмайды. Індеттің беті қайтқан жоқ. Біз қызметкерлерімізді осынау қауіпті аурудан қорғау үшін бар күш-жігерімізді салып жатырмыз. Өйткені, жұмыскерлер біздің басты байлығымыз болып табылады. Бұл ретте қазір вакцина алу мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Бүгінде бұл пандемияны жеңудің жалғыз жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет айтып өткендей, жаппай вакцинациялаудың басқа баламасы жоқ.

Қазірдің өзінде халықтың жартысынан көбі вакцина алған елдерде, мысалы, Израиль мен Ұлыбританияда, коронавирусты жұқтыру мен өлім-жітімнің күрт төмендегенін байқауға болады. Ал керісінше вакцинациялау науқаны қарқын алмаған мемлекеттерде вирус түрленіп, оның бұдан да қауіпті жаңа штамдары тарап жатыр. Елімізде мұндай жағдайға жол бермеудің жалғыз амалы – тез арада ұжымдық иммунитетті қалыптастыру.



Ел тарихындағы шешуші кезеңде мен әрқайсыңызды барынша парасаттылық танытып, вакцина алуға шақырамын. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған.

Сіздердің таңдауыңызға отандық QazVac, ресейлік Sputnik-V немесе қытайдың Hayat-Vax вакцинасы ұсынылып отыр. Өздеріңіз қалаған екпені тұрғылықты жеріңіз бойынша емханада немесе «ҚазМұнайГаз» компаниясының өндірістік және әкімшілік нысандарында алуға болады.

Бүгінгі таңда вакцинаны 8 мыңға жуық әріптесіміз салдырды. Өзім де және ұлттық компанияның басқа басшылары да екпені салдырдық. Осы орайда, вакцина алған қызметкерлер ПТР тестісін тапсырмай, кен орындар мен жұмыс кеңселеріне еш кедергісіз кіре алатынын ерекше атап өтім келеді.

Мен Сіздерден өзіңіздің және отбасыңыздың, әріптестеріңіз бен отандастарыңыздың қауіпсіздігін ойлап, азаматтық ұстанымды танытуды сұраймын. Пандемияны неғұрлым тезірек тізе бүктірсек, соғұрлым тез қалыпты өмірге ораламыз.

Барлық қиындықты бірге еңсеріп, кемел келешекке аяқ басатынымызға сенімім кәміл!

Құрметпен,  
Алик Айдарбаев,  
«ҚазМұнайГаз»  
Ұлттық компаниясы» АҚ  
Басқарма төрағасы

Председатель Правления АО НК «КазМунай-Газ» Алик Айдарбаев посетил офис ТОО «КМГ Инжиниринг» и ознакомился с работой Центра компетенций онлайн-бурения, деятельность которого направлена на геолого-технологическое сопровождение процесса бурения в режиме реального времени для повышения эффективности, качества и контроля за ходом строительства сложных скважин.

## Глава КМГ положительно оценил ход реализации проектов КМГИ

Среди ключевых показателей работы Центра за прошлый год было отмечено успешное сопровождение бурения 9-ти ГС на месторождениях АО «Эмбаунайгаз»; внедрение цифровизации отчетности по бурению «Peloton» и другие процессы по оптимизации бурения.

А.Айдарбаев подчеркнул важность проделанной работы, направленной на повышение эффективности разработки месторождений, качественного бурения скважин, научно-технической поддержки всех геологоразведочных проектов КМГ. Кроме того, была отмечена необходимость дальнейшей реализации проектов по данному профилю и деятельности Центров компетенций, созданных в целях развития и укрепления научно-технического потенциала компании.

Отдельное внимание А.Айдарбаев уделил подведению итогов деятельности компании за прошлый год и первый квартал текущего. Анализ реализованных проектов за отчетный период и планы на перспективу в ходе встречи представил председатель Правления КМГИ Бахытжан Хасанов.

Среди основных достижений компании он отметил ввод в эксплуатацию лаборатории исследования металлов; Центров компетенций по борьбе с осложнениями, онлайн бурения, гидроразрыва пласта, онлайн поддержки нефтяных операций, PVT (вид исследования по давлению, объему и температуре (Pressure, Volume, Temperature), гидродинамических исследований скважин; оперативный подсчет запасов по имеющимся месторождениям, а также природ извлекаемых запасов нефти, в том числе за счет доразведки.

«Активными темпами мы продолжаем сотрудничество по НИОКР совместно с рядом отечественных профильных вузов. Кроме того, в прошлом году нами завершена разработка 5 модулей системы АВА1, а в 2021 году началась разработка 12 модулей второго этапа. Также мы реализуем Соглашение о предоставлении технических услуг по крупным проектам, осуществляем консультационное техническое и экспертное сопровождение проектов ТШО, НКОК и КПО, а также внедрение системы Project Management System. В условиях пандемии 2020 года и нестабильных цен на нефть в компании был разработан и утвержден Антикризисный план КМГИ, реализация которого позволила нам обеспечить финансовую устойчивость во время кризиса», – проинформировал о направлениях работы Б. Хасанов.

Также председателю Правления КМГ был презентован проект «Разработка информационной системы АВА1», по которому на сегодняшний день завершена разработка тестовых версий 5-ти модулей – «База данных АВА1», «Центр визуализации», «Мониторинг осложнений», «Технологический режим» и «Подбор глубинно-насосного оборудования». По всем модулям ведется опытно-промышленное испытание с участием нефтедобывающих предприятий и корпоративного центра КМГ.

На конечном этапе реализации проекта будут функционировать более 20 модулей для решения ключевых производственных задач добывающих предприятий КМГ.

Председатель Правления КМГ А.Айдарбаев дал положительную оценку всем ключевым проектам и направлениям деятельности ТОО «КМГ Инжиниринг» и заверил в максимальной поддержке со стороны головной компании в реализации озвученных планов.

Динара Архарова  
[www.munaymeken.kz](http://www.munaymeken.kz)

### COVID-19 қарсы екпе алу туралы

Вакцина түрлері



**QazVac**  
(1-ші мен 2-ші  
компонент алу  
аралығы 21 күн)



**Hayat-Vax**  
(1-ші мен 2-ші  
компонент алу  
аралығы 21 күн)



**Спутник-V**  
(1-ші мен 2-ші  
компонент алу  
аралығы 45 күн)

Вакцина  
ЕРІКТІ ТЕГІН ҚАУІПСІЗ

Вакцинаны алу орындары



Тұрғылықты жеріңіз  
бойынша емхана



«ҚазМұнайГаз» кеңселері және  
өндірістігі арнайы орындарда



Қазақстан бойынша  
2 млн адам вакцина алды  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
8 мың қызметкері екпе алды  
27.05.2021 ж. жағдай бойынша



Вакцина алған адам кен орындарға  
еш кедергісіз кіре алады.  
ПТР тест тапсырудың ҚАЖЕТІ ЖОҚ!

Өзіңізге және жақындарыңызға  
**ҚАМҚОР БОЛЫҢЫЗ!**







## МҰНАЙЛЫ ЕМБІДЕ «LEAN SIX SIGMA» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 5 ЖОБА СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

**«Lean Six Sigma» - интеграцияланған әдістеме. Оның негізіне өндіріс шығындарын қысқартумен және процестерді жеделдетумен үнемді өндірістің американдық әдіснамасы және шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға бағытталған жапондық әдістеме алынды.**

«Ембімұнайгаз» АҚ-да аталған әдіснама бойынша пилотты жобаларды дайындауға 2019 жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі КМГ) Цифрлық трансформация бағдарламасы шеңберінде кірісті. Соңғы екі жылда ембіліктер жасақтаған жобалар өз тиімділігін дәлелдеп, ал, жобаға қатысушылар КМГ-нің Алғыс хаттарымен және компания атынан сыйақылармен марапатталды.

- Пилотты жобалармен жұмыс барысында біздің қызметкерлер бизнес-процестерді ұйымдастырудың әдеттегі тәсілдеріне жаңаша көзқараспен қарады. Өздерінің тәжірибелік учаскелерінде өндірістік қызметтің тиімділігін арттырудың түрлі нұсқасын іздестіріп, тестіледі. Компанияның әрбір қызметкері «Lean Six Sigma» құралының көмегімен үнемді өндірісті ұйымдастыруға қомақты үлес қосуға, өз жұмысының сапалық көрсеткіштерін арттыруға және жалпы компания шығындарын оңтайландыруға қабілетті екенін түсінуі өте маңызды. Жоба сәтті енгізілген жағдайда, инициативті қызметкер компания атынан материалдық сыйақы алады, - деп атап өтті **ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.**

Жобалардың бірі – «Автокөлік құралдары мен арнайы техниканы тиімді пайдалану» Waybill жүйесі бойынша орындалған өтінімдер үлесін 2019 жылғы 93,5% - дан 2020 жылғы маусымға қарай 95% - ға дейін арттыру мақсатын көздеді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженері Мұрадым Елеуовтің, көлік бөлімінің жетекшісі Бағытжан Сарғожиевтің, мониторинг жөніндегі инженерлер Бауыржан Қунашев пен Арман Абдуманның еңбегімен және атқарушы демеуші – ЕМГ көлік департаментінің автокөлік бөлімінің жетекшісі Мәлік Төресәевтің бақылауымен жүзеге асқан жоба нәтижесінде Прорва кен орнының мұнай және газ өндіру цехынан келіп түскен өтінімдердің орындалмауына әсер ететін факторлар талданды.

Нәтижесінде орындалмаған өтінімдердің ең көп бөлігі «Жүк автомобильдері», «Автокрандар», «Автоцистерналар» категорияларына тән екені анықталды. Жасақталған шешімдер енгізілгеннен кейін 3 айдың ішінде орындалған өтінімдер үлесі 93,5%-дан 95,7%-ға дейін өсті (мақсатты көрсеткіштен жоғары).

«Жүк автомобильдері», «Автокрандар», «Автоцистерналар» категориялары бойынша орындалған өтінімдер пайызы 94,9%-дан 96,8%-ға дейін өсті; орындалмаған өтінімдер пайызы тиісінше 5,1%-дан 3,2%-ға дейін төмендеді. «Ақау пайызы» немесе орындалмаған өтінімдердің үлесі 6,47-ден 4,26% - ға дейін төмендеді, «Сигма саны» 1,52-ден 1,72-ге дейін өсті.

**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ С.Нұржанов кен орнында тербелмелі станоктардың істен шығуына атқарымын арттыру»** жобасы 2020 жылдың наурызына қарай тербелмелі - станоктардың бұзылуын барынша азайту міндетін қойды. ЕМГ механика департаменті директорының орынбасары Қуаныш Туриевтің басшылығымен команда құрамындағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңдары тобын игеру өндірістік басқармасының жетекші механигі Жанболат Есболаев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ механика бөлімінің бастығы Амантай Мұқанов, Прорва мұнай және газ өндіру цехының бастығы Кабдрахман Мұқашев, Прорва мұнай және газ өндіру цехының аға механигі Ханатқали Көпбосыновтар күшті жоспардан тыс жөндеу жұмыстары тіркелген барлық тербелмелі станоктарда жөндеудің барлық түрлерін жоюға бағыттау туралы шешім қабылданды. Жасақталған шешімдерді енгізгеннен кейін жұмыс істеген тәуліктер саны 70,3-тен 84-ке дейін өсті. Барлық тербелмелі станоктардың 75%-ы бірнеше тәулік бойы жұмыс істеді, яғни, жұмыс көлемі артты. Жобаны іске асырғанға дейінгі процестің сигмаларының саны факт бойынша 2,235-ті құрады, шешімдер енгізілгеннен кейін ол 3,6-ға жетті.

**«Ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының (ҰЖЖЦ) арнаулы техникасын күтуді төмендету»** жобасы аясында ЕМГ командасы 2019 жылдың 11 айында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ҰЖЖЦ бригадасының жұмысы туралы күнделікті мәліметтер бойынша күту уақытына талдау жүргізді. Жобаның мақсаты – арнаулы техниканы күтудің орташа мәнін 2020 жылдың шілдесіне қарай 137,5 минуттан 120 минутқа дейін төмендету.

Көлік құралдарының қозғалыс динамикасы туралы деректерді терең талдау нәтижесінде күту уақытын 1 жағдайға 116,5 минутқа дейін, ал, айына жалпы уақытты 202,2 сағаттан 41,2 сағатқа дейін азайтуға мүмкіндік беретін бірқатар шешімдер қабылданды. Жоба менеджері – көлік жөніндегі инженер Алмас Жарылғасұлы, атқарушы демеуші – Мәлік Төресәев, жоба командасының құрамында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ көлік бөлімінің жетекшісі Нұрлыбек Салихов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ҰЖЖЦ бастығы Марат Таженов, арнаулы техника және автокөлік колоннасының бастығы Айхан Сағынғалиев бар.

**«Жанаталап кен алаңының тербелмелі станоктарының сыналық белдіктердің**

**қызмет ету мерзімін ұлғайту»** жобасы жөндеуаралық кезеңнің (ЖАК) ұзақтығын ұлғайтқан кезде тербелмелі станоктардың жоспардан тыс тоқтап қалуын азайтуды көздеді. Жоба демеушілері мен команданың, атап айтсақ, жоба менеджері, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ механика бөлімінің бастығы Аманқос Мәлік пен атқарушы демеуші К.Туриевтің және жоба координаторлары – «Ембімұнайгаз» АҚ нормативтік-анықтамалық ақпарат департаментінің директоры Жасталап Жоламановтың, №3 цех шебері Темірболат Қалидуллиннің және №3 цех бастығының орынбасары Манарбек Нұрғалиевтің біріккен жұмысы нәтижесінде сыналық белдіктердің тез тозуына және тербелмелі станоктардың үздіксіз жұмыс істеуі үшін процестерді жақсартуға әсер ететін факторлар анықталды.

Мәселені шешу үшін аталған команда жобаны іске асырудың барлық кезеңінде жоспардан тыс жөндеулерді толығымен жоюға мүмкіндік беретін 5 шешім әзірледі.

**«Ботахан к/о сыналық белдіктердің ауыстыру санын қысқарту»** жобасы СК-8, СК-6, ПНШ-6 және ПШГН ұңғымалары бойынша жөндеуаралық кезең ұзақтығын 2020 жылғы қарашаға қарай 62 күннен 127 күнге дейін 2 есеге ұлғайту мақсатын көздеді.

Команданың, атап айтсақ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботахан МГӨЦ механигі, жоба менеджері Төретай Жоламановтың, «Доссормұнайгаз» МГӨБ механика бөлімінің бастығы Бауыржан Еркешевтің, Ботахан МГӨЦ бастығы Бейбіт Елемесовтің, Ботахан МГӨЦ операторы Асхат Дюсенғалиевтің, атқарушы демеуші К.Туриев пен бағдарлама координаторы Ж.Жоламановтың біріккен жұмысының нәтижесінде сыналық белдіктерді жоспардан тыс ауыстыруға әсер ететін ықтимал факторлар анықталып, жасақталған шешімдер жүзеге асырыла бастады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Сигма процесінің саны 2,884-тен 3,148-ге дейін артты. Оң нәтижелерді ескере отырып, тәжірибелік ұңғымалар бойынша жұмысты бақылауды тағы 40 күн жалғастыру туралы шешім қабылданды. Нәтижесінде, есепті кезең ішінде бірде-бір жоспардан тыс жөндеу тіркелген жоқ.

**ТҮЙІН.** Жоғарыда аталған жобалардың сипаттамасынан көріп отырғанымыздай, қызметкерлердің бастамашылдығы және «Lean Six Sigma» әдіснамасы аясында бизнес-процестерге көзқарастарды ауыстыру арқасында барлық проблемалар табысты шешуге және кәсіпорын шығындарын оңтайландыруға қол жеткізілді. Бұл дегеніміз, компанияның барлық қызметкерлері өз учаскелерінде де, жалпы кәсіпорынның жұмысында да өндірістік қызметті одан әрі жақсарту үшін жасырын резервтер таба алатындығын көрсетеді.

### ТАҒАЙЫНДАУ

## ЕМБІДЕ ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕЛЕР БАСШЫЛАРЫ АУЫСТЫ

**«Ембімұнайгаз» АҚ басқарушы құрамын ротациялау шеңберінде «Қайнармұнайгаз» МГӨБ және «Ембімұнайэнерго» басқармасының жаңа басшылары тағайындалды.**

«Қайнармұнайгаз» жаңа басшысы болып **Құлмағанбетұлы** МГӨБ-ның **Қайнар КОДАНОВ**



тағайындалды. Ол бұған дейін «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас инженері болып еңбек етті. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның бұрынғы басшысы **Мәлік Мұхышұлы ЖҮНІСОВ** ЕМГ өндірісті



жедел басқару департаментіне ауысты. «Ембімұнайэнерго» басқармасының жаңа басшысы болып **Фабит Нұфтоллаұлы** **ИМАНҒАЛИЕВ**



тағайындалды. Ол бұған дейін ЕМГ энергетика департаментінің директоры болып қызмет атқарды. Аталған басқарманың бұрынғы бастығы **Жәнібекбай Сатыбалдыұлы ТӨЛЕГЕНОВ** ЕМГ өндірістік-



техникалық департаментінің бас энергетигі болып тағайындалды.



(Жалғасы. Басы 1 бетте).

Бұл байқаудың мақсаты – ұжымшылдық байланысты нығайту, балалардың арасында мұнайшының мәртебелі мамандығына деген сүйіспеншілікті арттыру болып табылады.

Айта кетейік, жылдағы дәстүрден қалмай, Ембіге қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлемшеден жұмыстар түсті. Атап айтсақ, Орталық басқару аппаратынан – 15, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нан – 14, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нан – 8, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нан – 6, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нан – 5, «ӨТҚЖЖК» басқармасынан – 4 және «Ембімұнайэнерго» басқармасынан – 5 жұмыс қабылданды.

Ал, байқауға ұсынылған жұмыстарды жанрларға бөлсек: әріптестеріміздің балаларының қолынан шыққан 5 шығарма, 20 бейнеролик және 32 суретті Компания басшылығынан және қызметкерлерінен құралған комиссия құрамы «Тақырыпты ашу»; «Жұмысты жеткізу идеясы»; «Жұмыстың креативтілігі»; «Материалдың ақпараттық

қанықтығы» критерийлері бойынша саралады.

Байқаудың жас жеңімпаздарын марапаттау шарасы мереке күні бас кеңседе өтті.

- Жауапкершілігі мол Жұмыс беруші ретінде компания отбасылық құндылықтарды нығайтуға үлес қосып келеді. Бұл Ембі мұнайшыларының әлеуметтік пакетінде көрініс тапқан, ол жазғы демалысты ұйымдастыруда ата-аналарға материалдық қолдауды да көздейді. Бұған қоса, балалардың жан-жақты дамуы үшін шығармашылықтың маңыздылығын ескере отырып, компанияда жыл сайын

қызметкерлердің балалары арасында байқау өткізіледі. Өздерінің шығармашылық жұмыстарында балалар ата-аналарының мұнай өндірісіндегі күрделі жұмысы, компанияның және мұнай-газ саласының болашағы туралы ойларымен бөліскен, сондай-ақ, карантин кезеңінің күрделі тұстары мен қиындығын жеткізген. Материалдардың ішінен үздік жұмысты таңдау қиынға соқты, сондықтан, 20 үздік жұмысты таңдау жөнінде шешім қабылданды, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙРЖАН байқау жеңімпаздарын марапаттау шарасында.

# «Менің бақытты

## ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР БАЛАЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ

### «МЕН АТА-АНАМ ЕҢБЕК ЕТЕТІН КОМПАНИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫН ҚАЛАЙ КӨРЕМІН?» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

#### 5-9 жас аралығында:

Аянат Қайсар («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);  
Наиля Сансызбай («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);

#### 10-12 жас аралығында:

Диляра Төлепова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);  
Адияр Сансызбай («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);  
Мөлдір Марат (Орталық басқару аппараты);

#### 13-15 жас аралығында:

Құндыз Әнуарбекова («Доссормұнайгаз» МГӨБ);

### «МЕНИҢ ӘКЕМ/АНАМ ЕЛ ДАМУЫНА ҚАНДАЙ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮР?» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

#### 5-9 жас аралығында:

Әсемай Бахтияр («Доссормұнайгаз» МГӨБ);  
Айзере Ғаббасова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);  
Көркемай Баймұхан («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);  
Нүрәлі Сансызбай («Ембімұнайэнерго» басқармасы);  
Мәди Мұратұлы («Қайнармұнайгаз» МГӨБ);  
Махсұт Равиль («Доссормұнайгаз» МГӨБ);

#### 10-12 жас аралығында:

Айғаным Дулатқызы («Доссормұнайгаз» МГӨБ);

### «ОТБАСЫҢЫЗДА COVID-19 ВИРУСЫНА ҚАРСЫ ҚАНДАЙ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ?» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

#### 5-9 жас аралығында:

Ерасыл Ақниет («Қайнармұнайгаз» МГӨБ);  
Аянат Самат («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);  
Ерасыл Әмірғали («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);  
Әмір Махамбет («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);  
Назерке Мейрамқызы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);  
Эльнур Бағитова (Орталық басқару аппараты);




#### 10-12 жас аралығында:

Іңкәр Нұрлыбекқызы («Қайнармұнайгаз» МГӨБ);

Барлық жеңімпаздар балалар дүкеніне сертификаттармен және дипломдармен марапатталды. Байқау демеушісі – ЕМГ орталық басқару аппаратының кәсіподақ ұйымы болды.

Шара соңы «Coffee River» кафесінде байқаудың жас жеңімпаздарына арналып жайылған мерекелік дастарханға ұласты.

**Шығармашылық байқау жеңімпаздарын құттықтаймыз!**





# «Балалық шағым»

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ





Табиғаттың байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі. Біздің елімізде табиғатты ұтымды пайдалану және экологиялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешуге бағытталған міндеттер әрқашан алдыңғы қатарға қойылады. Біздің өмір сүру сапамыз осыған тәуелді. Осы орайда, бүгінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың жұмысында еліміздің қолда бар байлығын сақтап, оны тиімді пайдаланып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін экология саласына үлкен мән беріледі. Еліміздің мұнай-газ саласында қызмет етіп жатқан барлық компаниялардың алдында тұрған ортақ міндет – өнім өндіру барысында қоршаған

## Қадірлі экологтар!

**СІЗДЕРДІ 5-МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

ортаға залал келтірмей, экологиялық талаптарды жүзеге асыру.

Бүгінде компанияда өндіріске жоғары деңгейлі технологияны енгізу арқылы кәсіпорындарда қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа зиянды әсерді барынша болдырмау шаралары кезең-кезеңімен жүзеге

асуда.

Атырау өңіріндегі жер қойнауын пайдаланушы ірі компаниялардың бірі ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ заман талабына сай экологиялық жағдайды жоғары деңгейге көтеру мақсатында көптеген іс-шараларды қолға алып отыр.


Компанияға қарасты мұнай-газ кен алаңдарына өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру жолында жүзеге асып жатқан жұмыстар бүгінгі таңда өздерінің жақсы нәтижелерін көрсетуде.

Уақыт бір жерде тұрмайды. Біз заман көшінен қалмай, өндіріске тың жаңалықтар мен өзгерістер енгізу арқылы экологиялық қауіпсіздікті өндірістік бақылау бағытындағы жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

Қоршаған ортаны сақтауға және жақсартуға деген адал талпыныстарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

Отбасыларыңыз аман, дендеріңіз сау болсын.

**Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы**



Әлем елдерінің назарын өзіне аударып отырған бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі – экологиялық жағдайдың сақталуы. Бұл мәселе біздің елде де өзекті саналады. 2021 жылдың 1-шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі өз күшіне енбекші. Бұл құжаттың талаптары бойынша жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар қоршаған ортаға тасталар қалдық көлемін азайтуға бағытталған ең жақсы қолжетімді технологиялардың (ЕКТ) тетігін енгізеді.

Ембі өндірісінде батыл қолға алынып жатқан жақсы шараның бірі - тарихи ластанған жерлерді биологиялық ремедиация әдісімен рекультивациялау жұмыстары.

Біз бұған дейін де ластанған топырақ жамылғысын техникалық әдіспен рекультивация жасап келдік. Алайда, жан-жақты жүргізілген зерттеулердің қорытындысынан кейін бұл әдістің экономикалық жағынан тиімсіздігі және ауаға зияны бар екендігі анықталды. Нақты қандай зиян дейтін болсақ, маймен ластанған аймақтың топырақ жамылғысының ластанған қабаты қырылып алынып, басқарманың балансысындағы өндірістік қалдық жинақтау орнына орналастырылатын, орнына қалпына келтіру мақсатында таза топырақ төгілетін. Одан әрі сол жинақталған май топырақ, мұнай шламын залалсыздандыру үшін тағы да қаражат бөлініп, сол жерде термиялық әдіс пайдаланылып, өртелуші еді. Қалдық өртелген соң ауаға зияны болатындығы анық қой. Сондықтан да, бұдан өзге тиімді әдістер іздестіріле бастады. Сөйтіп, Ембі өндірісінде алғаш рет биологиялық ремедиация әдісі қолға алынды.

Биологиялық ремедиация жұмыстары алғашында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жылыоймұнайгаз» бен «Доссормұнайгаз» басқармаларында жүзеге асты. Бұл - 2006-2007 жылдар болатын. Сол басқармаларда өзінің тиімділігін көрсеткен соң жаңа әдіс өзге басқармаларға да таратыла бастады. Біздің «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасында 2013 жылдан бастап майланған топырақты биологиялық ремедиация әдісімен тазалау қолға алынды. Алғашында тың әдісі басқармаға қарасты Оңтүстік – Батыс Қамысты мен С.Балғымбаев кен алаңдарында қолға алынған еді.

2016 жылы «Ластанған жерлерді тазалау, қалпына келтіру» жобасы жасакталды. Бұл құжат бойынша барлық тиісті жер аумақтары толық зерттеліп,

## ЭКОЛОГИЯНЫ САҚТАУ - БАСТЫ НАЗАРДА



жаңа қорытынды алынды. Нәтижесінде, 29 учаске анықталды. Ол жерлер 8,29 га жер аумағын құраған.

2019 жылдан бастап тарихи ластанған жерлерді тазалау жобасының аясында тағы да қаражат бөлініп, Забурын мен С.Балғымбаев кен алаңдары бойынша 14 учаске анықталып, жалпы көлемі 4,26 га жер тазаланды. 2020 жылы тендер өтпеуіне байланысты мердігер мекеме анықталмай, бұл жұмыс уақытша тоқтатылған болатын. Ал, биылғы жылы аталмыш жұмыс қайтадан жандануда. Бұл әдістің артықшылығы: мұнаймен ластанған топырақ тасымалданбайды, майланған топырақ сол тұрған жерінде биологиялық препараттарды пайдалану көмегімен тазаланады. Демек, қоршаған ортаға ешқандай зиян келтірілмейді. Жоғарыда аталған екі кен алаңында тағы да 1,68 га жерді биыл тазалау жоспарланып отыр. Ластанған топырақты биологиялық ремедиация әдісімен рекультивациялау Оңтүстік - Батыс Қамысты кен алаңында жұмыс сәуір айында басталып та кетті.

Әрине, өндіріс басында қоршаған ортаны қорғау бойынша тек тарихи ластанған жерлерді тазалау мәселесіне ғана емес, экологиялық талаптарды сақтау

мақсатындағы барлық іс-шараларға араласамыз. Өндіріс басында қолға алынып жатқан барлық жобаларды іске қоспас бұрын, өндірістік-экологиялық бақылау жүргізіледі. Басқарманың тұрақты іс-әрекет комиссиясының (ПАК) құрамында экологтар міндетті түрде қатысып, кен алаңдарындағы шектеулі-рауалды шығарындарлар жобасын жасақтау, парниктік газды есептеу, қалдықтарды нормалау жұмыстарына да тұрақты қатысып отырамыз. Кеніштерде қолға алынып жатқан құрылыс нысандарының жүргізілу барысында да жұмыстардың экологиялық талапқа сай орындалуы және ол талаптардың сақталуы – экологтардың жіті назарында. Өндірісте қолданыстан шығып қалған ескі құбырлар, темір қалдықтарының радиациялық деңгейі уақытылы өлшеніп отырады. Кен орындары аумағында өндірістік-экологиялық мониторинг, радиациялық мониторинг жұмыстары да біздің араласуымызбен тұрақты жүргізілуде.

**Қажығали НАУАНОВ,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері**



**14 маусым – Дүниежүзілік донор күні. Бұл күні өз еркімен қан тапсыратын, сол арқылы талай адамды ажал аузынан арашалап алуға септігін тигізіп жүрген азаматтарға алғыс айту дәстүрге айналған. Оның үстіне, бұл күн қан тапсырудың денсаулыққа пайдасы мен зәру жандарға қол ұшын беру қажеттігі жайлы жан-жақты ақпарат таратып, жұртшылықты игі іске көптеп жұмылдыруға көмектеседі.**

Жыл сайын донорлар тапсырған қан миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

Адамға құю үшін пайдаланылатын қан дені сау адам-донордан алыну керек. Қан – бұл тірі және қалпына келетін тін болып табылады, сондықтан, оны дені сау ағза ғана көп көлемде бере алады.

Ересек адамда 5,5 литрге жуық қан болады. Негізінде, донордан 450 мл қан алынады.

# Донор болудың 10 пайдасы



Қан тапсырудың адам ағзасына тигізер пайдасы ұшан-теңіз.

Қан 30-40 күннен кейін толық қалпына келеді. Түрлі компоненттердің қалыпқа келу жылдамдығы әр түрлі. Эритроциттер донор ағзасында 4-6 апта ішінде, ал, лейкоциттер мен тромбоциттер – бірінші аптаның соңында, плазма 1-2 күннің ішінде қалпына келеді.

Осы орайда донор болудың 10 түрлі пайдасына тоқталайық.

## ҮШ АДАМНЫҢ ӨМІРІН ҚҰТҚАРАСЫЗ

Ең алдымен, сіз донор болу арқылы адам өміріне араша боласыз. Бір рет тапсырған 450 мл. қан өлім аузында жатқан 3 адамның өмірін сақтап қалады.

## АҒЗАҢЫЗ ТУРАЛЫ ТЕГІН АҚПАРАТ АЛАСЫЗ

Донорлардың міндетті түрде тексеруден өтетіні белгілі. Яғни, донорлар өзінің қан тобын, гемоглабин мөлшерін білуден өзге, В және С гепатиттері, мерез, АИТВ инфекциясының маркерлері жөнінде тегін ақпарат алады.

## ҚАННЫҢ ҚҰРАМЫ ЖАНАРАДЫ

Қан тапсырған кезде адам ағзасы қан жасаушы органдарының қызметін ынталандырады, сол арқылы қан құрамы жаңарып, адамның жалпы жай-күйі жақсарады, еңбекке қабілеттілігі артады.

## СЕМІЗДІКТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Тұрақты донорлық семіздіктің

алдын алады, жаңа алынған қанның бір донациясы кезінде адам ағзасы 650 ккалды, плазма донациясы кезінде 470 ккалды жоғалтады. Әйелдер үшін бұл – жас, әдемі және сымбатты болудың тағы да бір таптырмас жолы.

## ҚАН ҚЫСЫМЫН РЕТТЕЙДІ Әсіресе, ер-азаматтар

азаматтар қан кету жағдайында төзімді болады. Яғни, мұны қан кетуге дейінгі жаттығу десек артық емес.

## АТЫ ЖАМАН АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Қан донорлығы онкологиялық ауруларға шалдығудың қауіп-қатерін төмендететіні дәлелденген.

луы керек.

Қандағы гемоглобин мөлшері төмен адамдар да (әйелдерде - 110 г/л, еркектерде - 120 г/л) уақытша донор бола алмайды. Сондай-ақ, қан тапсырардан біраз бұрын ота жасатқандар, тісін емдетіп немесе жұлдырғандар, дәрі-дәрмек ішкендер, екпе салдырғандар, эндемиялық аудандарға барып келгендердің донор болуына

артериялық қан қысымының көтерілуіне жиі душар болады, донорлық – қан қысымын, сондай-ақ, жүрек пен тамыр ауруларының қатер-қауіпін төмендетеді.

## ТЕРІГЕ ӨТЕ ПАЙДАЛЫ

Қанның жаңаруы – асқазан-ішек жолдары, оның ішінде бауыр ауруларының баға жетпес профилактикасы. Нәтижесінде донорлардың бет-әлпеті жақсарып, терісі жарқыраған және таза болады.

## ҚАН ЖОҒАЛТУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨМЕКТЕСЕДІ

Тұрақты донорлық – ауқымды қан кету жағдайында ажалға араша тұра алатын бірден-бір амал. Өйткені, олардың қан тапсырмаған адамға қарағанда, донор болып жүрген

## АДАМ ӨМІРІН ҰЗАРТАДЫ

Бәрімізге де өлшеніп берген өмір бар. Десе де, қан тапсыру адам өмірін 5-7 жылға ұзартады деген де болжам бар.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Қан донорлығы салауатты өмір салтын ұстануды, дұрыс және толыққанды тамақтануды, спортпен шұғылдануды, өз денсаулығын күтуді, дәрі-дәрмектерді қажетсіз ішпеуді, жаман әдеттерден бас тартуға үйретеді. Себебі, қан берудің сауапты әрі жауапты амал екенін сезінетін адам ғана тәнін таза, жанын жамандық атаулыдан аулақ ұстайды.

Ең бастысы, донордың жасы міндетті түрде 18-ге толған бо-

уақытша шектеу қойылады.

## Қан тапсыруға дайындық:

- Қан тапсырардан 1 күн бұрын және таңертең майлы тағамдар мен ет-сүт өнімдерінен бас тарту қажет;
- Түнгі ауысымнан шыққаннан кейін демалып алмай, қан тапсыруға болмайды;

- Ауыр зат көтермеңіз;
- Қан тапсырар алдында темекіден 3 сағат, алкогольден 48 сағат бас тарту керек;
- Қан орталығына баратын күні таңертең тәтті шай, шырын, газдалған сусындар ішіп, нан-тоқаш өнімдерін жеуге болады.

Дәрігерлердің айтуынша, қан тапсыратын адам майлы тағамдар мен ет-сүт өнімдерінен бас тарту қажет.

## 14 ИЮНЯ ВСЕ СТРАНЫ ОТМЕЧАЮТ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ДОНОРА

# Дарите людям солнце!

**Кровь жизненно необходима как для лечения, так и для экстренной медицинской помощи. Накануне Дня донора хочется поблагодарить всех тех, кто сдает кровь и спасает жизнь людям.**

К сожалению, дорогие для нас люди болеют, болеют тяжело. Жизнь каждого из нас зависит от профессионализма медицинских работников. Они спасают жизнь людям, иногда рискуя своими жизнями (в период пандемии). А врачам на помощь приходят доноры. Имена многих мы не знаем. Но они среди нас.

С одной из них я работаю в одном коллективе.

Маврешко Елена Алексеевна – заслуженный донор города Атырау. Уже более 10 лет сдает кровь. Врачи вызывают ее и в экстренных случаях для спасения жизни тяжело больного. Мы, ее коллеги по работе даже и не подозревали об этом.

Я часто сталкиваюсь с ней по своей работе. В списке пользователей системы SAP, которую мы ведем для аналитики, она занимает статус продвинутого пользователя. Или другими словами - супер-пользователь!

Иногда можно услышать, как она бранит нерадивых сослуживцев из-за которых стоит ее работа. В системе SAP все пользователи связаны между собой сквозными бизнес-процессами. И любая ошибка на каком-то этапе или несвоевременное занесение данных негативно влияет на все последующие про-

цессы. Неравнодушная к своему делу она оперативно реагирует на неточности и старается исправить ситуацию.

Трудолюбивая, скромная женщина, требовательная к себе и окружающим людям. Ведет здоровый образ жизни. Бегаёт по утрам, занимается в тренажерном зале, любит путешествовать, побывала во многих странах.

Елена Алексеевна вырастила 2 сыновей и помогает воспитывать внуков. Очень любит жизнь и много лет помогает спасать жизни других. Этот замечательный человек, вместе с врачами, избавляет от изнуряющей боли, вселяет надежду и веру в добро и радость повседневной жизни.

Мы благодарны Елене Алексеевне за чуткость, внимание к людям, доброту и за то, что не проходит мимо тех, кто нуждается в ее помощи.

Накануне Международного дня донора мы говорим спасибо заслуженному донору Маврешко Е.А. Ведь Вы, Елена Алексеевна, дарите людям Солнце!

**Айгуль ТАЖИГАЛИЕВА,  
начальник отдела учетных систем  
финансового департамента**





Жаз айы басталысымен жылулықтан сақтану мәселесі өзекті бола түседі. Бұл адамның жалпы физикалық күйінің на-шарлауына және ағзаның қорғау функцияларының төмендеуіне байланысты.

қауіпсіздік қағидаларын ұсынады. Жоғарыда аталған жағдайлар денсаулыққа төмендегідей проблемалар туғызуы мүмкін:

**Жылулық бөртпе** – ыстық ылғал ауаның әсерінен пайда болады, ол кезде тері бетіндегі тер буланып кете алмайды. Мұндай жағдайда айтарлықтай ауыртатын бөртпе

нан бұлшық еттің ауыртып қарсуы. Әдетте іш, қол және аяқ айналасында пайда болады. Бұл күй, әдетте, жылулық әлсіреу алдында пайда болады.

**Жылулық әлсіздену** – бұл қатты терлеу кезіндегі сұйықты жоғалту нәтижесіндегі жағдай. Жылумен әлсізденген адамның терісі ылғал

## ЖЫЛУ ӘСЕРІ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫ



### Ыстық пен күннің өтуі

#### Қауіпті топтар



Балалар



Жүрек және қан тамырлары ауруларына шалдыққандар



Ішкі секреция бездері ауруларына шалдыққандар

### Белгілері

#### Ыстық өту



Температураның көтерілуі



Бұлшықеттің ауруы



Мұрыннан қан кету



Құсу



Енгігу



Көз қарашығының кеңеюі



Сананың бүлінуі



Есін жоғалту

#### Күн өту



Қатты бас ауруы



Жүрек айнуы



Бас айналу



Есін жоғалту

тартып, ол қатты әлсірейді және естен тануы мүмкін. Жүрегі айнып, бас ауыруы мүмкін. Тер басып, солғын тартады. Дене температурасы қалыпты немесе аздап көтеріледі. Таңдаулы емі – емделушіні салқын жерге жатқызып, салқын компресс басады, аяғын жоғары көтеріп, шөлін қандырады.

**Ыстық өту** – өлімге соқтыруы мүмкін ауыр жедел медициналық күй. Ағза температурасы қатты жоғарылап, ағза өзін-өзі салқындата алмаған жағдайда ыстық өту орын алады. Мұндай адамның терісі ыстық және құрғақ болады. Тамырдың соғуы жиі, артериялық қысымы төмен болады.

Емделушінің денесін сумен немесе ылғал жаймамен дереу салқындатқан жөн. Шұғыл түрде медициналық көмек шақыру керек.

Жылуға байланысты проблемалардың алдын алуға байланысты кеңестер:

- **Ағзадағы сұйықтықтардың қорын сақтау** – жұмысты орындау кезінде сұйықтықты жеткілікті мөлшерде қабылдау қажет. Шөлдеу сезімінің пайда болуына сенбеңіз, өйткені, ол пайда болғанға дейін сусыздану орнауы мүмкін.

- **Дұрыс тамақтану** – «ауыр» тамақтардан бас тартыңыз. Ол метаболиялық жылудың бөлінуін жеделдетеді және сұйықтықтың азаюына соқтырады. Теңгерімі дұрыс тағамдарды аздап, бірақ, жиі жеген жөн.

- **Демалыс** – ыстықта жұмыс белсенділігін азайтып, көлеңкелі жерлерде жиі демалыңыз және сұйықтықты жеткілікті мөлшерде ішіңіз.

- **Жеңіл киім** – жеңіл ақшыл түсті киімдер дененің қызуынан және күн сәулесінен қорғайды.

**Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің (АҚШ) деректеріне сәйкес, 1936 жылдан бері 30000 адам жоғары температураның әсеріне байланысты аурулардан қаза тапқан. Орташа алғанда жылына 384 адам ыстық өтуден қаза табады. Жоғары температураның әсерінен зардап шегетін адамдардың ішінде егде адамдардың саны ұлғая түседі.**

Осы орайда, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті жылу әсері кезіндегі



пайда болуы мүмкін.

**Жылулық қырыспа** – қатты терлеу кезінде тұздармен электролиттерді жоғалту салдары-

Денеге ауа өткізуді жеңілдету үшін мақтадан тігілген кең киімдер киіңіз. Кең жиекті қалпақтар да пайдалы болып табылады.



## АШЫҚ ТЕРЕЗЕЛЕРДІҢ ҚАУІПТІЛІГІ



Егер балаңызға терезеден немесе балконнан бір нәрсе көрсетіп жатсаңыз, оны әрдайым мықтап ұстаңыз, баланы киімінен ұстамаңыз

**КІШКЕНТАЙ БАЛАЛАРДЫ  
ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!**

HSE өзекті тақырыптары бойынша жаңа бастамаларыңыз бен ұсыныстарыңызды [hse@kmg.kz](mailto:hse@kmg.kz) электрондық адресіне жібере аласыз

ЕҚОҚ  
департаменті

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра

пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады. Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

**«Ембімұнайгаз» АҚ  
корпоративтік  
қауіпсіздік қызметі**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.